



БҰЙРЫҚ

2023 ж. 31 сәуірге.
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 370.
город Астана

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 21 шілдедегі № КГИП-03-КГ/7096 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс пен толықтыру бекітілсін.

2. Қоғам:

1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы хабарлама жолдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Handwritten signature

С. Нұрбек



Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің

2023 жылғы «31» шілде
№ 370 бұйрығымен бекітілді

**«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына
енгізілетін өзгеріс пен толықтыру**

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

65-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы редакцияда баяндалсын:

«1) Республикалық комиссияның ұсынысы негізінде Қоғамның Басқарма төрағасы – Ректорын сайлау (тағайындау);».

65-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қоғамның Басқарма төрағасы – Ректорының өкілеттік мерзімін анықтау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;».